



АЛТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№45 (107) 7 қараша 2025 жыл

● ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Отбасым – бақ мекенім

Республика күні мерекесі қарсаңында аудандық ішкі саясат бөлімінің және аудандық «Ақжүніс» әйелдер қауымдастығы қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Отбасым – бақ мекенім» тақырыбында өңіріміздегі үлгілі жас отбасылармен дөңгелек үстел болып өтті. Аталмыш іс –шараға аудан әкімі Азат Құтпандықов арнайы қатысты.



Аудандық кітапхананың оқу залында ұйымдастырылған іс-шараның жүргізу тізгінін өз қолына алған аудандық Ішкі саясат бөлімінің басшысы Гаухар Аманжолқызы алғашқы сөз кезегін аудан әкімі Азат Құтпандықов берді.

Аудан басшысы алдымен шараға қатысушыларды Республика күнімен құттықтап,

өңірімізге үлгілі болып жүрген жас отбасыларға бала тәрбиесі, өнегелі ұрпақ өсіру, кәсіпкерлікпен айналысу, аудан көлемінде туризмді дамыту жөнінде кеңінен әңгіме өрбітіп, жастарға өзінің ақыл-кеңесін берді.

Сонымен қатар мәдени шараға арнайы шақырылған аудандық кәсіподақ ұйымының

төрағасы Самат Рақышев, аудандық обаға қарсы бөлімінің басшысы Айдар Әліпбаев, аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Ғалия Жұмабайқызы және зейнеткер ұстаз Света Сәскебайқызы сөз кезегін алып, жас отбасылардың өсіп-өнулеріне тілектес екендерін жеткізді.

Жас отбасылар атынан

сөз алған Бақанас ауылының тұрғыны, кәсіпкер Ринат Қайыпбаев аудан басшысына және ақыл-кеңес берген аға буын өкілдеріне ризашылығын білдірді.

Шара соңына ауданымызға үлгі-өнеге болып жүрген жас отбасылар аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, естелік суреттерге түсті.

«Отбасы – бақыт мекені». Иә Адам бақытты болуы үшін алдымен отбасын құруы қажет. Ғаламның барлық байлығын жинасаң да, отбасылық бақытты сатып ала алмасың белгілі. Сондықтан да адам баласы үшін фәни жалғанда өзінің отбасынан артық ешнәрсе болуы мүмкін емес.

Қасиетті өңірімізде шынайы сезіммен отбасын құрып, үбірлі-шүбірлі болып отырған ақ шашты аналарымыз бен ақсақалды аталарымыз баршылық. Олардың отбасы құндылығы жайында айтар үлгі-өнегелері де ауыз толтырып айтарлықтай.

Өзінің отбасындағы жандарды үнемі құрметтеп, шалғай кетсе сағынып, ыстық ұясына ерқашан асығып тұратын адамдар-ең бақытты жандар.

Өз тілшімізден.
Балқаш ауданы.

БАСПАСӨЗ-2026

Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа, имандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты газет өмірге жол тартты. Ардагерлердің толбасымына қомау көрсетеміз десеңіздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір жылға жазылу бағасы -
6371,52 теңге

Алты айға жазылу бағасы -
3185,76 теңге

Индексі: **65472**



● ОРАЗАЛЫ ДОСБОСЫНОВ-50 ЖЫЛ

Ауданымыздың төл тумасы күллі қазақ еліне ортақ мақтанышымыз орақ тілді Оразалы Досбосыновтың туғанына 50 жыл толуына орай ауданымызда көлемді шара өткізілді. Тойдың басы ақынның туған жері Тегістік ауылынан басталды.

О. Досбосыновтың өзі білім алған Мұқағали Мақатаев атындағы орта мектепте Оразалы Досбосыновтың оқығанын растайтын тақтайша ашылды. Тақтайшаның ашылуының алғашқы құттықтау сөзі аудан әкімінің орынбасары Жанарбек Жантөреұлына берілді. Сонымен қатар, айтыс өнерінің ақсақалы Шорабек Айдаров, тағы басқа құрметті қонақтар ақ тілектерін айтып, тақтайшаның ашылу рәсімін жасады.

Салтанатты жиында мемлекет және қоғам қайраткері Нұрлан Оразалинның, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Жүрсін Ерманның, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанарбек Әшімжанның тойға арналған құттықтау хаттары оқылып, сәлемдері жеткізілді. Сондай-ақ, Алматы облысының Құрметті азаматы Ызғарбек Бектұрсынов, айтыскер ақын Шорабек Айдаров, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Мұқағали» журналының бас редакторы Дүйсен Мүсірәліұлы, Оразалының ұстазы Дәулет Шәкенұлы, Оразалының үзентгілес досы ақын Кемелбай Сағымбековтер ақын туралы есте қалған естеліктерін айтты. От ауызды ақынның жерлестері Тегістік ауылының азаматтарының демеушілігімен Оразалы атындағы қоғамдық қордың қолдауымен Оразалы Досбосыновтың «Ақын-мын сөзі жетер сан ғасырға» атты

жаңа кітабы жарық көріп, тұсауы кесілді. Шара барысында Тегістік ауылының азаматтары Оразалы мен Ажардың ұл-қызы Нұрсұлтан мен Нұрайшаға бір-бір аттан мінгізді. Шара соңында ақын Оразалы Жарылқасынұлы мен асыл жары Ажар Түзельбекқызына арналып, құран бағышталды. Шара ауыл азаматтары арасындағы ұлттық ойындар мен волейболдан жарысқа ұласты.

Екі күнге созылған тойдың екінші бөлімі аудан орталығы Нарынқол ауылында жалғасты. Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен айтыскер ақын Оразалы Досбосыновтың туғанына 50 жыл толуына орай «Құлмамбеттің құлыны» атты оқушылар арасында республикалық акындай айтысы өтті. Айтыстың ашылу салтанатында аудан әкімі Құдабаев Дастан Сұлтанмұратұлы сөз кезегін алып, жүрек жарды тілегін жеткізді.

Аудан басшысы өз сөзінде «Алла қаласа, жыл сайын Оразалы Досбосынов атындағы республикалық ақындар айтысын өткізу қолға алынады», - деді. Дастан Құдабаевтың бұл сөзі сөз қадірін білетін көпшіліктің көңілін бір көтеріп тастады. Оразалы мен Ажардың көзінің ағы мен қарасы ұлы Нұрсұлтан мен қызы Нұрайшаға сый-сияпат жасады. Осы тойға арнайы келген айтыскер ақын, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ринат Зайтов, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, айтыскер ақын Серік Қалиевтар айтыстың түңлігін түрді.

Республикалық оқушылар арасындағы ақындар айтысына еліміздің түкпір-түкпірінен іріктеліп, 14 облыс, 2 қаладан келген сайдың тасындай 18 ақын қатысты. 9 жұп болып көрерменнің алдында сөз таластырды. Жас та бол-



са суырып салма ақындар Ораздай ақынын сағынған халыққа рухани байлық сыйлады. Оразалының жолын жалғайтын жас ақындардың сайысы тартысқа толы болды. Оқушылар алааманына Шорабек Айдаров, Айтақын Бұлғақов, Қалиев Серік Әкрамұлы, ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты Ринат Зайтов, Нұрлан Мұсаев, Қазірет Бердіхан, Шұғайып Сезімхан арнайы барып, қатысты. Оразалының ҚазҰПУ-де бірге оқыған группаластары да залдан бой көрсетті. Балалығы бірге өткен сыныптастары да тойдың басы-қасынан табылды. Бір күнге созылған айтысты көрермендер орнынан тапжылмай отырып тамашалады.

Оразалыға арналған республикалық оқушылар айтысында бас жүлдені шымкенттік Ислам Әли Біржанұлы мен Тегістік ауылының тумасы Болат Ахмет иелен-

ді. 1-орынды Алматы облысынан қатысқан Ақнұр Зинулла, 2-орынды Павлодар облысынан келген Мейіржан Баршынбай, 3-орынды ақмолалық Сәттібек Серікболатұлы, Нұрислам Рағат, (Қостанай облысы) және Інжу Жаңабай (Жамбыл облысы) иеленді. Досбосыновтар әулеті тағайындаған 200 000-нан арнайы екі жүлде Акерке Ырысәліқызы (Жетісу облысы) мен Батыр Рауанұлына (Алматы облысы) тапсырылды. «Атамұра» баспасының арнайы жүлдесін Маңғыстаудан келген Әмірхан Деконнов пен Абай облысынан қатысқан Айзере Нариман алды. Қалған қатысушыларға да 100 000 теңгенің сертификаты мен Алғыс хаттар берілді.

Оразалының бала күнгі достары, сырластары, ақындық жолға алғаш бірге қадам аттаған бауырлары Бақыт Жағыпар мен Жұматтай Оспанұлы ақынның ұлы мен

қызына ат мінгізді. Оразалының шығармашылығын насихаттап жүрген бірқатар азаматтарға Оразалы Досбосынов атындағы қоғамдық қордың жетекшісі Айгерім Досбосынова арнайы Оразалы атындағы төсбелгілерді табыстады.

Сондай-ақ, Оразалы Досбосыновтың 50 жылдығына арнап «Хантәңірі қырандары» тобы республикалық «Өгіз балуан» күресін ұйымдастырды. Қазақстанның түкпір-түкпірінен күш сынасуға арнайы келген 21 балуан Нарынқол ауылында боз кілемде белдесіп, күштерін сынады. Кіл мықтыдан кім мықтыны анықтап, жеңіс тұғырына көтерілген балуандарға арнайы сый-сияпаттар табысталды.

Тойға келген көпшілік өмірі отызға толмай опат болған ақынның рухы шат болсын деп тарқасты.

Дастан ҚАСЕНҰЛЫ.

АҚЫННЫҢ ЕСІМІ ЕСКЕРІЛДІ

● АЗАМАТ ТУРАЛЫ АЙТСАҚ...

Ел ықыласына бөленген жан

Айтжан Нысанбайұлы Кеген ауданы Ұзынбұлақ ауылында 1952 жылы туған. Еңбек жолын «Сөгеті» совхозында құрылыста бастаған. Қазақ Политехникалық институтының, құрылыс инженері факультетін бітірген.

Ол-«Сөгеті» қой совхозында 60-тан аса мал қорасы, 90-ға жуық малшы үйі, 15000 қой бордақылау кешені т.б. әлеуметтік-өндірістік нысанның күрделі және ағымды жөндеу жұмыстарын, 1979 жылы 150 орындық асхана, 1981 жылы 400 орындық мәдениет үйі, 1984 жылы 26 орындық монша ғимараты 1176 оқушыға арналған мектепті, 280 орындық бала бақша, ауылдың бас жоспары, ауыз су жүйесі, бір, екі пәтерлік үйлердің жобаларын дайындап, құрылыстар пайдалануға уақытында беру-ді ұйымдастыра білген азамат.

1987жылы мамырда Нұра селолық кеңесі атқару комитеті төрағалығына сайлады. Одан кейін 1995 жылы ауыл тұрғындарының жалпы жиналысы болып, Айтжан Қашағановты жаңадан құрылған «Сөгеті» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі басқармасының төрағасы қызметіне сайлады. Ауылшаруашылық техникаларын кооператив қарамағына топтастырып, мамандар мен механизаторлардың жұмысын бір қалыпқа келтіріп, шаруа қожалықтарының сұранысы бойынша егістік жерлерін жыртып-өңдеп, тұқымын сеуіп, өнімін жинап беру жұмыстарын ұйымдастырып жүргізді. Үлеске тиген 3-5 га егістік жерлерді өңдеу, тұқым себу, шаруа қожалықтары жетекшілерімен ақылдаса отырып, 3 канал бойынша жұмысты келісіп жүргізетін бригадирлер сайлап, Бартоғай су қоймасы мекемесімен келісім шарт жасап, шаруа қожалықтарына су жеткізіп беру, уақытында өнімді жинау т.б. маусымдық жұмыстарды жүргізуге үлкен жауапкершілікпен қараған.

Нұра ауылдық округінің жер көлемі -104000 га. 2010 жылғы 29 қарашада округтің аты Сөгеті ауылдық округі болып өзгертілді.Округ аумағындағы «Шарын» шапқалы туристі қызықтырса, Бартоғай су қоймасы құрылысы кезінде қазақтың бір туар ұлы Д.Қонаев ауылда болып, батасын берген.

Әкім қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, олардың пікірін әр кезде ескере отырып жұмыс атқарды. Көктемгі ауылшаруашылық егістік жұмыстарына дайындық және жер өңдеу жұмыстарының бағасын белгілеуге шешім қабылдады. Ең алдымен ауылға арық суын жеткізу, тұрақты ауыз сумен қамтамасыз ету, жеке-лердің малын бағу, ауылдағы саябақтарды күтімге алу, ауылдың тазалығын сақтау жұмыстарын жақсартуды қолға алған.

Қарияларды, белсенділерді, мекеме басшыларын шақырып, «ауыл қорын» құрып, комиссия сайлап, жиналған қаражат су жеткізу ақысы, көпір орнатуға, арық тартыруға, көше тазалауға жұмсалатын болды. Ауыл көшесіндегі 2 га саябақтарға және әлеуметтік мекемелердің арық суын келтіру, ағаш және жасыл желек отырғызу, ауласын гүлдендіріп, жеміс ағаштарын



отырғызып, үй жанындағы учаскесінде әр түрлі көкөніс өндіруді қолға ала бастады. Мәдениет үйінің айналасын 150 метр жерін қоршап, ардагерлер аллеясына ағаштар, жасыл желек, гүлдер отырғызды. Ауылдың солтүстік жағынан 1 га жер коқыс төгетін орынға бөлінді. «Наурыз» мерекесінде, «Үлгілі аула», «Үлгілі көше» қортындысы шығарылып, комиссия ұйғарымымен 5 аулаға, 3 көшеге «Ауыл» қоры есебінен сыйлықтар тапсырылады.

Ауылдағы ауыз су жүйесін, мәдениет үйін, мектеп-интернатың және кеңсе ғимараттарына құжаттар дайындап, «Еламан» ЖШС-тің теңгерімінен аудан әкімдігінің теңгеріміне өткізген. 2010 жылы аудан бюджетінен 3,5 млн теңге қаражат бөлініп, 2 ұңғыма тазаланып, су соратын қондырғылар ауыстырылып, автомат жүйелер орнатылды. 2023 жылы ауылдың су құбыры жүйесін мердігер мекеме құрылыс жұмыстарын бастап, 2024 жылы пайдалануға берді.

Ауылда жаңа сәнді үйлер бой көтеріп, үй сыртын әрлеп, шатыр жаңалап, қоршау ауыстырып жасау қолға алына бастаған. Нұра және Көкпек ауылдарында тұрғын үй құрылысын жүргізу мәселесін шешуге ол ауылдарға 18,8 га және 5,0 га жер бөлініп, олардың бас жобаларына өзгерістер жасалынып, округ бойынша тұрғын үй салуға жер телімін беру толығымен шешілген.

2010 жылы «Балапан» бағдарламасы аясында 320 орындық мектеп-интернат ғимаратын республикалық бюджеттен 105,4 млн теңге қаражат бөлініп, 140 орындық балабақша 2 қабатты ғимаратта 7 топ бүлдіршіндерге арналған ұйықтайтын және ойнайтын жеке бөлмелері, гимнастика және музыка бөлмелері, асханасы, спорттық залы қарастырылған.

1984 жылы пайдалануға берілген 1176 оқушыға арналған мектеп ғимаратының

2004 жылы шатыры жөнделді. 2015 жылға бюджеттен материалдық-техникалық жабдықтарға, күрделі жөндеуге бөлініп, бүгінгі күн талабына сай қайта жаңғырған мектеп есігін айқара ашып, оқушылармен ұстаздарды, ата-аналарды үлкен қуанышка бөледі.

Мәдениет үйінде кітапхана, спорттық зал, билльярд столы, домбыра үйірмесі істейді. Шелек өлкетану мұражайының филиалы ашылып, ауылдың 1965 жылы алғашқы қазығы қағылған күннен бастап бүгінгі күнге дейінгі тыныс тіршілігінен мол мағұлыматтар береді. «Әжелер» және «Кұтты қоныс» ансамблі жұмыс жасайды. Наурыз мерекесінде мәдениет үйінің фойесі мен спорттық залында, ауылдың 17 көшесінің тұрғындары жеке өз дастархандарын жайып, ас мәзірінен, наурыз көжесінен дәм татыру дәстүрге айналды.

Кикбоксан әлем кубогінің, Азия, Еуропа бірнеше дүркін жеңімпазы Е.Қайыпжанов қазақ спорты жарқын жұлдыздары М. Мәзімбаевты, Б. Жұмалдіовты, Б. Төліп, ағайынды Ардақ пен Бейбіт Назаровтарды, М. Мамыровты т.б. дарынды спортшыларымен ауыл жастарымен кездесу өткізіп отырады. Спорттық залда аудандық спорт мектебінің 3 бапкері бокстан, күрестен 8 топ құрып, оқушылар мен ауыл жастарын спорт өнеріне баулып, спорттық іс шараларды ұйымдастырып, ауыл жастары арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын жүргізуде.

Ауыл азаматтары қолдауымен соғыс және тыл ардагерлеріне арналған ескерткіш монумент салынып, ауылға көрік берді.

Торайғыр тауының бөктеріндегі қыстауларға 10 шақырым электр желісі тартылып, 7 қыстау жаңа жылды электр жарығымен қарсы алды. Көкпек жазығымен тау бөктеріндегі жайылымдық жерлерде шегірткенің көбейіп, көп зиян келтіруіне байланысты оларды залалсыздандыруға, мал жайылымдарын сақтап қалу үшін көптеген жұмыстар жасалынды. Бүгінде Айтжан Нысанбайұлы зейнеткер болса да, Шелек өңірі қоғамдық белсенділерімен бірге ауылдарда қоғамдық ұйымдар жетекшілерімен кездесіп, жылдар бойы жинаған тәжірибесімен жастармен бөлісуде.

Айтжан Нысанбайұлы-Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы. «Қазақстанның тәуелсіздігіне 20 жыл, 30 жыл», «ҚР Конституциясына 20 жыл», ҚР Қарулы Күштерінің Ардагерлері Кеңесінің «Отан патриоты» медальдарымен марапатталған. Аудан әкімінің мақтау грамоталары мен Алғыс хаттарының иегері. Жұбайы Сейдалиева Қалдыбала Балтеевна- зейнеткер. Екеуі-4 ұл, қыз тәрбиелеп, 12 немере сүйген бақытты жандар. Ұлдары-дәрігер, қыздары-байланыс инженерлері, білімдері жоғары, мамандықтары бойынша қызмет атқаруда.

Нұрлан ЕРДӘУЛЕТҰЛЫ,
зейнеткер, Еңбекшіқазақ ауданының
Құрметті азаматы.

● МЕРЕЙ БИІГІНДЕ

Ата – бабамыз өткен өмірінде талай қиындықты бастан кешірді. Сол «тар жол, тайғақ кешуде» ата – аналарымыз ұрпағын сақтап қалу үшін жан – жақтағы елге үдере көшті. Әсіресе 1930 -1932 жылдардағы қолдан жасалған ашаршылық кезінде ата жұртын тастап, көптеген қазақтар жылай- сықтай жат елге көшіп кеткен еді. Солардың арасында менің құрбым, «Ақмандайлым» ансамблінің мүшесі, «Қандас» ұйымының төрайымы Әділхан Исаның ата-бабасы бар еді.

Шеберлігі көнке үлгі

Әділханның бабалары мен ата-анасы Қытайда да бастарынан көп қиындықты өткізді. Аш та болды, жалаңаш та болды. Қанша қиналса да «Туған елімізге түбінде бір қайта ораламыз» деген үміттері алға жетелеп, жігерлерін қайрады. Олардың жылдар бойы алға қойған мақсаттары орындалды. Өздері болмаса да бала-шағалары және бірнеше туыстары туған жерге оралды. Соның бірі-Әділхан Исаның отбасы.

Әділхан Иса 1955 жылы 13 қазан күні Қытай Халық Республикасы Шапшал ауданы Жирекбұлақ ауылында дүниеге келген, барлық балалық және жастық шағы Қытайда өткен. Жас күнінен анасы Ескерместен тоқыма тоқу, ұлттық киім тігу, құрақ құрау сияқты шеберлікті үйреніп, міне, қазіргі күнде өз шеберлігін жастарға үйретіп, дамытып келеді.

Бүгінде Әділхан құрбым Қытайдан келеген қандастарымыздың басын біріктіретін «Қандас» атты ауданымыздағы ұйымға басшылық жасауда.

2019 жылдан бері «Отандас ел» республикалық бірлестігі Ұйғыр ауданы қоғамдық ұйым басшысы, 2021 жылы 11 қаңтардан «Отандас ел» республикалық қоғамдық бірлестігі мүшесіне сайланған. 2023 жылдан Алматы облысы Ұйғыр ауданы бөлім жетекшісі болып қоғамдық жұмыс атқарып келеді. Қазіргі күнде 5 ұл, 2 қыз тәрбиелеп қатарға қосқан. «Алтын алқа» иегерінің қыздары да аналары сияқты шебер, тігінші.

Шонжы ауылына көшіп келгелі бері мен Әділханмен етене араласып кеттім. Хакім Абай «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп айтқанындай, Әділхан – өте қарапайым, іскер адам. Өзінің айтқан уәдесінде тұрады. Қазақстанға көшіп келіп жатқан қандас бауырларға өз көмегін аямайды. Аналар мен әжелер, ардагерлер арасында өтетін іс – шараларға өте күшті ықпал етіп,қолдан келген жәрдемін жасайды. Ұлдары мен қыздары, келіндері мен күйеу балалары сайдың тасындай. Әділханның келіндеріне өте ризамын, нағыз ата – ене сыйлаудың үлгісін көрсетіп жүр.

Он саусағынан өнер тамған Әділхан әжелерге кимешек пен күндікті әдемі етіп тігіп берді. Әділхан жақында өзінің 70 жылдығын атап өтпекші. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған Әділхан елдегі аналарға үлгі. Бес уақыт намазын қаза қылмай жүрген Әділханның бойында үлгі алатын қасиеттер өте көп, ұлттық салт – дәстүрді ерекше құрметтейді, сактайды. Ана – адамзат баласының дүниеге келуіне себепкер болатын аяулы жан. Ана дегенде жүрегі жылымайтын адам жоқ. Бауыр еті баласы үшін сұлулығын, денсаулығын, жан тыныштығын құрбан етуге дайын аналарды құрметтесек те, артық емес.

Пайғамбардың хадистері де ананың мәртебесін ерекше жоғары көрсетеді. Өзінің мәртебесі жоғары Әділханды барлық әжеге, анаға үлгі ретінде көрсетуге болады.

Рая ӘБІЛЖАНҚЫЗЫ,
ҚР Білім беру ісінің озаты.

● ЕҢБЕГІМЕН ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАНДАР

ӨЛМЕЙТҰҒЫН АРТЫНА СӨЗ ҚАЛДЫРҒАН

«Еңбек, еңбек бәрін жеңбек» деген мақал бекер айтылмаса керек. Менің ойымша, еңбек адамы дегеніміз, ең алдымен таза, адал жұмыс істейтін, өз еңбегін маңдай терімен табатын кісі. Ол өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Қазіргі еңбекпен бұрынғы еңбекті салыстыруға болмайды. Қазір жеке техника, технология дамыған кез. Қара тасы бар жерден гүл өсірген, шөл далада еңбек еткен адамдарын қазіргі ұрпаққа үлгі ету – біздің міндет.

Жақында Ұйғыр ауданында бірнеше орден иегері, ел мақтанышы, кезінде адал басшы болған Қонаев атамнан алғыс алған Мирзигүл Насыров ағамыз туралы «Еңбегі ерен ер – халық мақтанышы» деген тақырыпта Мирза ағамыздың 105 жылдығына арналған шара өтті.

Мирзигүл ағамыз өте еңбекшіл, талапшыл адам болған. Ол туралы осы шарада ол кісімен бірге 19 жасынан бастап еңбек еткен Социалистік Еңбек ері Рахиялм Сейітова өзінің еңбек жолындағы акасының жасаған әкелік қамқорлығын бүгінгі ел – жұртқа үлгі қып айтып берді. Өз сөздерінде ел ағалары Ызғарбек Бектұрсынұлы, Әсет Ақылбекұлы, Әблеким Қозбағарұлы мәнді де мағыналы әңгіме айтып, ақамыз туралы, ол кісінің қамқорлығы туралы естеліктерді өрбітті. Қазақ арасындағы достықты елге үлгі ретінде үнемі айтып жүргенін, ел арасындағы сыйластықты ылғи да берік ұстағанын атап өтті. Сахнада «Арзу» ән – би ансамблі мүшелері көрсеткен көрініс адамдарға ерекше сезім сыйлады, орденді басшының өткен өмірі қандай қиындыққа толы

болғанын көрермен көз алдынан жайлап өткізді. Әншілер әннен шашу шашты.

Кеңес үкіметі кезінде қолдарына кетпен мен күрек алып, дарылдаған трактор мен комбайнда еңбек етіп, таңертен кетіп, отбасына түнгі 12 – де қайтатын әке – шешелеріміздің еңбегі ерен деп ойлаймын. Үлкендер Мирзигүл ағамыздың еңбекке бүкіл елді түгел жұмылдыра білетінін үнемі айтып отыратын, ол кісі Шарында басшы боп тұрғанда көшеде бірде – бір адам болмайды екен. Жүгері жинау кезінде мектеп оқушылары көмекке баратын. Жүгері жинайтын егіс даласына келіп бір тал жүгері үшін қандай еңбек кететінін мектеп оқушыларына ерекше түсіндіретін, теріп жүрген оқушылар бірде бір жүгері қалдырмауын талап ететін. Өз ісіне қатал, өзгеге де сондай талап қоятын. Қатаң талап, үздіксіз еңбек босқа кеткен жоқ. Қаншама марапатқа ие болды. Менің жарымның жездесі Ұзақ Таубалдин ағамыз Мирзигүл аға туралы көп естеліктер айтып беретін. Адалдығымен ел есінде қалған, мен өзім жақсы көретін Димаш ағамыз

аудан орталығы Шонжыға келіп, халықпен жүздескен соң бірден Шарынға барады екен. Ұзақ аға «себебі Мирзигүл мен Димаш атаң бажа , екеуінің де әйелдері татар халқының сұлу қыздары» дейтін.

Сол әдемі апамыздан туған ұлдар сайдың тасындай. Көп жыл аудан әкімі болған Мұратбек ақамыз – асылдың сынығы, ел мақтанышы. Басқа ұлдары мен қыздары – әкенің тәрбиесін көрген үлгілі жандар. Іс – шараға Америкадан келген қызы Замираның келіп қатысуы үлкен әсер берді, халық құрмет көрсетті. Аудан әкімшілігі, Ұйғыр этно-мәдени орталығы, алыс, жақыннан көмек қолын созған ағайындар іс – шараны ерекше ғып өткізді. Ел – жұрт қатты риза болды. Керзі етігін аяғына киіп, қолына кетпен, күрек ұстап, су сұғарып, мал баққан, күндіз – түні еңбек етіп, қолхоздан аз жалақы алса да, қолхоздың тілеуін тілеген кеңес үкіметі кезінде еңбек еткен Мирзигүл ағамыз сияқты адамдардың ұрпақтың алдындағы ісі – үлгі, өнеге, ол кездегі тәртіп – елдің дамуының темір қазығы.

Қазіргі кезде бұрынғы еңбек туралы, еңбек адамдарының ерлігі туралы айтсақ, балаларға ертегі айтып отырғандай сезінеді, себебі олар ол еңбектің мәнін білмейді ғой. Адал еңбек, маңдай тер арқылы бабаларымыз бізді бүгінгі күнге жеткізді. Одаққа әйгілі Қонаев ағамызбен, Асанбай Асқарұлымен, ауданның абыройлы азаматы болған Әшім Арзиевпен бірге еңбек етіп, ел құр-



метіне бөленген Мирзигүл ағамыз – аңыз адам. Ұлы Отан соғысына 1942 жылы аттанып, аман – есен оралып, елге, жұртқа қызмет етіп, ел алғысына бөленген адам халықтың есінде қалары хақ. Ол кісінің кісілік қамқорлығы да ел есінде. Енем Нұрлыхан ағамыз Мирзигүл ақаның жесір әйел, жетім бала боп жүргенде көрсеткен қамқорлығын, өзі Шарынға Тиірменнен кеткенде өзінің орнына қалған басшыларға табыстап кеткенін, Салауаттың әкесі Әбілмәжін атаның қамқорлығын үнемі айтып отыратын. Кісілігі, елге деген қамқорлығы 105 жылдық мерей тойда ерекше аталып өтті. «Халық айтса, қалт айтпайды» деген сөз бар. Қаншама жыл өтіп

кетсе де ел есінде мәңгіге қалғаны – Мирза ағамызға деген сыйластық, сағыныш

Іс – шараға жиналған ел еңбек адамына қошемет жасап, риза болып қайтты. Ел игілігі үшін еңбек еткен Мирзигүл ағамыз ас берілді, дұға жасалды, құран бағышталды.

«Өлді деуге бола ма ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп хакім Абай айтқандай, артына жасаған ісімен мұра қалдырған Мирзигүл ағамыз халқының есінде мәңгі сақталады.

Рая САРТОЛОВА,
Алматы облыстық
«Асыл ана» қоғамдық
бірлестігінің кеңес мүшесі.

Необычная история о Розе

Дни. Месяцы. Годы. Всё-время. Бесконечное время. Это время делает завтрашний день сегодняшним, а вчерашний-прошедшим, и передаёт иллюзорный мир, существующий сегодня, но исчезающий завтра, в глубину истории.

Если вы не пишете свою историю сами, если не знаете своего прошлого - сможете ли вы понять ценность других людей, других судеб?

Трудно сказать, что ты знаешь сегодня и завтра, если не знаешь вчерашнего. Кто мы? Откуда пришли? Куда идём?

С этой мыслью я хочу рассказать ещё одну тайну - о Розе Михайловне.

У каждого человека есть место, где перед ним открывается мир. Мы называем его «родиной» - тем самым прозрачным началом Великой Родины.

С этой точки начинается жизненный путь ребёнка, пришедшего в светлый мир.

Роза появилась на свет в 1963 году в городе Хачмас, расположенном в Кубинском районе Азербайджана.

Позже она вместе с семьёй переехала в Казахстан.

В жизни каждого человека есть особый мир - студенчество. Судьба провела Розу через этот мир уверенно и достойно.

После окончания Шымкентского техникума физической культуры юная Роза успешно завершила обучение в Казахском государственном женском педагогическом институте по специальности педагог-психолог.

Мир времени не стоит на месте - он



скользит, как ртуть. Вчерашний студент сегодня становится специалистом, получившим профессию и диплом.

Впереди - большая жизнь. Со временем Роза вступает в трудовой путь, находит своё место в обществе. Выходит замуж, рождает детей.

Как хорошо, когда рядом есть старшие товарищи, которые дают мудрые советы, показывают путь и служат примером, а также современники, стремящиеся не отставать. К счастью, на жизненном пути Розы таких людей было немало.

Роза начала трудовую деятельность простым учителем физкультуры в школе станции Бадам. Затем прошла путь до методиста районного отдела образования, далее - до главного специалиста районного отдела образования в селе Отеген Батыр. Позже была назначена председателем НПО «Болашак», затем - заместителем председателя районного отделения партии «Нур Отан».

Обладая острым умом, ответственностью и скромностью, Роза была единогласно избрана депутатами председателем маслихата. В настоящее время она занимает должность председателя маслихата города Алатау.

Её труд высоко оценён медалью «20 лет Независимости Республики Казахстан», медалью «Астана - 10 лет», медалью «25 лет маслихатам Республики Казахстан», медалью «30 лет Независимости Республики Казахстан», нагрудным знаком «Лучший секретарь маслихата», золотой медалью Ассамблеи народа Казахстана «За активную деятельность». Кроме того, Роза Михайловна удостоена звания Почётного гражданина Илийского района.

А недавно, в честь Дня Республики, она была награждена орденом «За заслуги» - в знак признания её большого вклада в развитие страны.

Риза САУЫРБАЕВА,
председатель общественного
Совета г.Алатау.

● ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ НЕ ДЕЙДІ?

СӨЗДІҢ ҚҰДЫРЕТІ-РУХТЫҢ КҮШІ

Заманның жаңашылдығы солай болды ма, дәстүрлі баспасөз саналған газет, радио, теледидар деген дүниелерге әлеуметтік желі деген жаңа ақпараттық ағым келіп қосылды. Бірден айтайық, хабар таратуда оның оперативтілігіне, өз аудиториясына жеткізер дүниесінің жылдам таралуына, лезділігіне дау жоқ. Алайда, осы әлеуметтік желінің сан салалы ағымдары мемлекетіміздің идеологиясын қалыптастыруда қоғам жүгін қалай аркалап келеді? Ол ағымның берер пайдасы қандай, зияны тиіп жатқан жоқ па, бүгінгі бағыт-бағдары қоғам сұранысын қанағаттандырып отыр ма? Осы мәселенің жауабы әрқайсымызды толғандыратыны анық.

Сөз-адам ойының айнасы, рухтың үні. Ол жүрекке жылу да бере алады, жара да сала алады. Сөздің құдыретін түсінген адам-өмірдің мәнін ұққан адам. Сөз-адамды танытатын өлшем.

Адам баласын өзге тіршілік иесінен айырып тұратын қасиет-сөйлей білу, ойды сөзбен жеткізу. Сөз арқылы адам өзінің ішкі жан дүниесін ашып, өзгелермен байланыс орнатады. Халқымыз «Жақсы сөз-жарым ырыс» деп беркер айтпаған.

Сөздің күші оның шынайылығында. Жылы сөз көңілге қуат берсе, қатқыл сөз жара салады. Кейде бір ауыз сөз адамды өмір бойы жігерлендірсе, бір ауыр сөз оны ұзақ уақыт мұңға батыруы мүмкін.

Қазақ халқы сөзге ерекше мән берген. Бұрынғы билер мен шешендер бір ауыз сөзбен дауды тоқтатып, елдің бірлігін сақтаған. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды даналар әділдікті, адамдықты, ізгілікті сөз арқылы насихаттаған.

Сөз-тәрбие құралы. Ата-ананың баласына айтқан әр сөзі оның мінезінә әсер етеді. Жақсы сөз жүрекке ізгілік ұялатады, жаман сөз кек тудырады. «Жақсы сөз жан семіртеді» деп халқымыз орынды айтқан.

Қазіргі қоғамдағы сөз мәдениетіне келсек, қазіргі заманда сөздің қадыры төмендеп бара жатқандай. Әлеуметтік желіде бейәдеп сөздер мен орынсыз пікірлер көбейді. Бұл-қоғамдағы рухани мәдениеттің әлсіреуінің белгісі.

Біз де қоғамның айнасы саналған осы әлеуметтік желідегі сөз мәдениетіне кеңірек тоқталғымыз келеді. Бүгінгі ақпараттық заманда әлеу-

меттік желі-ой еркіндігі мен пікір алмасудың басты алаңына айналған. Алайда, сол еркіндіктің шекарасында сөз мәдениеті мен жауапкершіліктің рөлі ерекше. Сөз мәдениеті-тек әдептіліктің емес, қоғамның рухани деңгейінің көрсеткіші.



Әлеуметтік желіге шыққан адамның сөз саптауы оның тұлғалық бейнесін айқындағандай. Осында айтылған, болмаса жазылған әрбір пікір, әрбір сөз ол сөз иесі мәдениетінің айғағын көрсетіп тұрғандай. Бетпе бет сөйлеспегендіктен, кейбір адамдар ойындағысын сүзгіден өткізбей, дөрекі немесе қорлаушы сөздер жазуға бейім. Бірақ желідегі әрбір сөз-жария, ол көпшілікке әсер етеді. Бұрын мұндай дөрекіліктерді әлеуметтік желіде басқа ұлт өкілдерінен көріп, естуші едік. Сол дүние бізге де жұққандай. Басқа басқа, тіпті кейбір өнер адамдарының, одан қалса үлбіреген қыздарымыздың жарнама жасап, ақшаның жолына түскені ме, ер адамның ақ төсектегі проблемаларын, оның шешу жолдарын айтамын деп маскара болуда. Осындайда ақшаны ғана ойлаған олардың арды ойламағаны ма деген ой сананы мазалайды. Бұл

жерде абырой, ар-ұят, сана, намыс дегеннің орнын ақша деген көк қағаз басып кеткендей. Бізге жетпегені енді осы еді!

Әлеуметтік желі ойды еркін айтуға мүмкіндік беретін ашық алаң дегенмен, сол еркіндік жауапкершілікпен ұштасқаны жөн. Сол дүниелерді ересек адамдармен қатар он екіде бір гүлі ашылмаған жасөспірімдер көретінің ескерсек, оларға не тәрбие беріп жатырмыз деген ойда қалатынымыз анық. Бұл ұлттың азғындағаны ма, жоқ заманнан көреміз бе?

Біреуді кемсіту, жалған ақпарат тарату, дөрекі пікір жазу, анайы жарнама жасау- бұл сөз еркіндігі емес, мәдениетсіздік. Сөз еркіндігі дегеніміз-өз ойын ашық айту, бірақ өзгенің ар-намысына, көзқарасына құрметпен қарау.

Желідегі әдеп-қоғамның келбеті. Әлеуметтік желі тек жеке парақша емес. Ол-бүкіл қоғамның айнасы. Ондағы дүниелер жастарға үлгі, қоғамның көңіл күйін көрсететін құрал. Егер желіде саликалы, мәдениетті, ізгі сөздер көбейсе, қоғам да соған ілесіп, рухани тұрғыда көтеріледі.

Сөз мәдениеті адамның деңгейін, тәрбиесін, тіпті ұлттың абыройын көрсетеді. Сөзді орнымыз, саликалы, әдепті қолдану-нағыз парасат иесінің ісі.

Сөз-ұлы күш. Ол адамды биікте-теді де, аласартады да. Сондықтан әрбіріміз сөздің салмағын сезініп, әр сөйлемімізді жауапкершілікпен айтуымыз қажет. Өйткені сөз-адам рухының айнасы, ал сөздің қадыры-адамның қадыры.

Сөз-адамдықтың айнасы. Ал әлеуметтік желі-сол айнадағы бейнеміз. Ел-жұртқа, соның ішінде жастарымызға қоғамдық пікір туғызатын, жол көрсететін әлеуметтік желі басында отырғандар осыған ұлттың биігінен келсе екен деймін. Себебі әрбір адам-ұлттың, мемлекеттің бір бөлшегі. Әрбір адамға берер ақпарат-тымыздың артында мемлекетіміздің рухани болашағы, ертеңі тұр. Соны ұмытпайық.

Алтынбай СИҚЫМБЕК.

● ТАРИХ БЕТТЕРІНЕН

Еліміз тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болғаннан бастап халқымыздың өткен тарихындағы «ақтандақтарды» ғылыми көпшілік санатта зерделеу жұмыстары толассыз жүргізілуде. XX ғасырдың алғашқы жартысы тарихнамамызда зорлық-зомбылық пен күштеп модернизациялау дәуірі деп аталуда. 1925 жылы қыркүйекте Қазақстанды басқаруға келген Филип Исаевич Голошкеин «Кіші Қазан» саясатын енгізуге 1928 жылы бай-қулақтарды тәркілеу туралы декретінің қабылдануына түрткі болды. Үкімет басындағылар бай-қулақтар тарапынан екі-үш бас малы бар қарапайым адамдарды да бай санатына қосқан болатын. Осының барлығы үлкен жұтқа әкеліп соқты.

КАЗАК ДАЛАСЫНДАҒЫ МАЛ-МҮЛІКТІ ТӘРКІЛЕУ

Қазақстан тарихындағы, кеңестік қызыл империяның үдемелі индустрияландыру, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатын күштеп жүргізуі бай-қулақтарды тәркілеуден басталды. Қазақстандағы байларды кәмпескелеу туралы архив деректері бойынша кей құжатта 285712 бас тек қана ірі қара мал жинап аламыз деген кеңес үкіметінің жоспары болған. Нәтижесінде алғашқы тәркілеу кезінде 142737 бас мал, 108 ағаш үй және тағы басқа мүліктер тәркіленгені хатталған.

Кеңес үкіметінің солақай саясатының құрбанына айналарын білген қазақ байлары мен дін өкілдері- имам, молда, ишандар сол кездегі саясат салған азап пен ажал құрығынан ата-қонысты тастап көшіп кету арқылы құтылу мүмкін екендігін түсінді.

Қазақ халқына орны толмас қасірет пен қайғы әкелген отызыншы жылдар ойраны туралы, күштеп ұжымдастыру саясаты кезіндегі кеңес өкіметінің солақай саясатының нәтижелеріне байланысты қазақ зиялыларының мемлекет және партия қайраткерлері Т. Рысқұловтың, Ғ. Мүсіреповтің, О. Исаевтың, Л. Мирзоянның, сондай-ақ басқа жанашыр азаматтардың сол кезеңдердегі КСРО мен республика басшылықтарының алдына көтерген мәселелері, ой-пікірлерінің орынды және өзекті болғандығын уақыт көрсетіп отыр.

1927 жылы желтоқсанда ірі бай шаруашылығын тәркілеу жөніндегі заң жобасын әзірлейтін арнайы комиссия құрылды.1928 жылы наурызда Қазақ өлкелік комитетінің бюросы ол заң жобасын бірнеше рет қарап нақтылады. Осы жылдың тамыз айында Өлкелік комитет тәркілеу науқанына тікелей басшылық жасайтын комиссия ұйымдастырды. Комиссияның төрағасы болып Е. Ерناзаров тағайындалды, оның құрамына О. Исаев, Н. Нұрмақов, Ғ. Тоғжанов, О. Жандосов және т.б кірді. Аталған қаулы қабылданғаннан кейін республиканың барлық округтері мен аудандарына тәркілеуді іске асыру бойынша арнайы нұсқаулар жіберілді.

Қаулы бойынша көшпелі аудандарда мал-мүлкі тәркіленіп, өздері жер аударылуға тиісті ірі байлар санатына ірі қараға шаққанда 400-ден астам малы бар, жартылай көшпелі аудандарда 300-ден астам малы бар, отырықшы аудандарда 150-ден астам малы барлар және бұрынғы хандар мен сұлтандардың ұрпақтары жатқызылды.

Округтік атқару комитеті Төралқасының жанындағы бай шаруашылықтарын тәркілеу жөніндегі Алматы округтік комиссиясы ОСК және КАССР ХКК-нің 1928 жылғы 27 тамыздағы «бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы» Қаулысы негізінде құрылды.

Комиссия 1928 жылғы 5-ші қыркүйекте жұмысшылар, шаруалар және Қызыл Армия депутаттары Кеңесінің Алматы округтік атқару комитеті төралқасының қаулысына сәйкес 6 адамнан тұратын округтік атқару комитетінің төрағасы, округтік жер басқармасының өкілі, біріккен бас саяси басқармасының (ОГПУ) өкілетті өкілі, ауыл шаруашылығы жұмысшылар кәсіподағының, «Кожчи» одағының өкілі болып құрылды. Кеңесші дауыспен комиссия құрамына округтік прокурор кірді.

Комиссияқажет болған жағдайда округтік атқару комитетінің төралқасы жанынан шақырылып, өз шешімдерін шығарды, олар отырыс хаттамасымен бекітілді. Комиссияның алғашқы өкімдік құжаты 1928 жылы 10 қыркүйекте жарық көрді. Бұл №6 хаттама; 27тамыздан 06 қыркүйекке дейінгі №1-5 хаттамалар қазіргі Алматы облысының аумағында губерниялық әкімшілік-аумақтық бөлініс пен округтің құрылуы жойылғанға дейін 10 күн бойы жұмыс істеген губерниялық комиссияның қызметіне негізделді.

Комиссия ОСК және КАССР ХКК-нің «бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы» қаулысын қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес әрекет етті. (Нұсқаулық КАССРХКК-нің 1928 жылғы 30 тамыздағы қаулысына сәйкес бекітілді). Нұсқаулыққа сәйкес Комиссияның міндеттеріне мыналар кірді:

-тәркілеуге және көшіруге жататын бай шаруашылықтарын анықтау.

Осы мақсатта округ 1 көшпелі аудан (Балқаш) және 12 жартылай көшпелі аудан болып аудандарға бөлінді. Комиссия қызметі барысында тәркіленуге жататын және Орал округіне көшіруге жататын 64 бай шаруашылықтары анықталды. Комиссия округ аудандары бойынша тәркілеу жұмыстарының барысы туралы мәліметтерді үнемі тыңдап отырды. Комиссия төменгі комиссиялардың жұмыстарды орындау мерзімдерін белгілеп, осы комиссиялардың жұмысына басшылық жасады. 1928 жылдың 1-қарашасында аяқтау жоспарланып, яғни 1 ай ішінде бітіру керек деп шешті. Кейінірек ол тағы 10 күнге ұзартылды.

1928 жылғы 30-тамыздағы қаулыға сәйкес тәркіленгендерді жер аударылуға тиісті аудандарда анықталды. Республика көлемінде барлығы 696 «бай-феодалдар» тәркіленді. Қазақ қоғамында ірі байлардың көп болмағанын осы 1928 жылғы жүргізілген тәркілеу барысы мен оның нәтижелері көрсетіп берді.

Комиссия Орталық Атқару Комитеті мен КАССР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылғы 24 қарашадағы «Байлардың мүлкін тәркілеу және Орталық Комитетті тарату жөніндегі жұмыстарды аяқтау туралы» қаулысына сәйкес жұмысын тоқтатты, және барлық жергілікті комиссиялар, сондай-ақ комиссия хаттамасында көрсетілген «Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу жөніндегі округтік комиссия мен округтік комиссияларды тарату туралы» Қаз ОАК-ның № 347/к телеграф бұйрығы. Жиналыс № 25 §21 2 желтоқсан 1928 ж.

Алматы облысының мемлекеттік архивінде сақталған №591 «Байлардың мүлкін тәркілеу бойынша Округтік атқару комитеті жанындағы Алматы округтік комиссиясы» («Алма-Атинская окружная комиссия по конфискации байского имущества при окрисполкоме» атты қордағы құжаттар тәркілеу науқанының тарихынан да мол мәліметтер береді.)

Міне осылай, қазақ халқының XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарихи бақытсыздық, қырғын әкеліп, тұтас бір ұлттың жартысына тауыуын қырғынға ұшыратып, елеулі бөлігін жат жерге амалсыздан қоныс аудартқан қайғылы оқиғалар орын алуымен ерекшеленеді. Оның сан ғасырлық қайғы-қасіретке толы тарихында қазақ халқы тағдырдың талай төлкегіне түсіп, көптеген оқиғаларды басынан өткерді.

Меруерт УӘЛИЕВА.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ҚҰРМЕТТІ САБЫР ДОСЫМБЕКҰЛЫ МЕН КЛАРА НҰРКАСЫМҚЫЗЫ!

Сіздерді өмір жолдарыңыздағы ең айтулы белестердің бірі-отбасылық өмірлеріңіздің елу жылдық «Алтын той» мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Өмірдің сан қилы сынақтарынан бірге өтіп, бір бірлеріңізге деген сүйіспеншілікті, сыйластықты, төзімділікті сақтап, өнегелі отбасының үлгісін көрсетіп келесіздер. Елу жылдық жарасымды ғұмыр-жастарға үлгі, ұрпаққа өнеге.

Сабыр Досымбекұлы Кеген аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы ретінде ел игілігіне еңбегі сіңген абзал азамат болса, Клара Нұрқасымқызы отбасының ұйытқысы, ұрпақ тәрбиесінде парасат пен мейірім, жылылықтың үлгісі болып келе жатқаны даусыз.

Бүгінде үш баланың ардақты ата-анасы, оннан астам немеренің сүйікті ата-әжесі атанып отырған Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы бақыты мен амандық тілейміз.

Алтын тойларыңыз құтты болсын! Шаңырақтарыңыз шаттық пен қуанышқа толы бола берсін! Өздеріңізден тараған бала-шағаларыңыздың қызығын одан әрі көре беруді Құдырет иесі нәсіп етсін.

Ізгі тілекпен,
Алматы облыстық Ардагерлер ұйымы
атынан оның төрағасы
Е.С.ТҰРЫМБЕТОВ.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Жануардың тістеуінен жарақат алған жағдайда не істеу керек?

Жануар тістеген жағдайда орын алған жарақат – денсаулыққа қауіпті ғана емес, адам өміріне қауіп төндіретін құтыру (бешенство) сынды жұқпалы аурулардың көзі болуы мүмкін. Құтыру – жүйке жүйесін зақымдайтын және уақтылы вакцина жасалмаса, өлімге әкелетін аса қауіпті вирус. Сондықтан жануардың тістеуінен кейінгі әрбір әрекет жылдам, нақты әрі дұрыс болуы тиіс.

1. Алғашқы көмек көрсету тәртібі
Жануар тістеген жағдайда ең алдымен:
– Жараны сабынды ағын сумен кемінде 10-15 минут* бойы мұқият жуу қажет. Бұл вирус бөлшектерін жарадан шығарып, инфекцияның ағаға ену қаупін төмендетеді.
– Содан кейін жараны антисептикпен (йод, сутегі асқын тотығы немесе спирт) өңдеу керек.

– Қан тоқтамаса, жараны таза докемен немесе таңғышпен байлап, медициналық көмекке жүгіну қажет.
Бұл кезеңде ең бастысы – жараны вирус ағаға толық тарамай тұрып өңдеп үлгеру. Уақтылы көрсетілген алғашқы көмек – әрі қарайғы емнің тиімділігін арттырады.

2. Міндетті түрде дәрігерге қаралу
Кей адамдар жара жөніл болса, дәрігерге барудың қажеті жоқ деп есептейді. Бұл – үлкен қателік. Құтыру вирусы адам ағзасында байқалмай дамып, бірнеше аптадан кейін ғана симптомдар беруі мүмкін. Ал алғашқы белгілері пайда болғаннан кейін емдеу мүмкін болмайды.

Сондықтан:
– Тістеген жануар үй жануары болса да,
– Жарақат үстіңгі қабатта ғана болса да,
– Қан болмаса да – дәрігерге бару міндетті.

Дәрігер:
– Жараның жай-күйін бағалайды;
– Сіреспеге немесе басқа инфекцияларға қарсы профилактикалық ескелер тағайындайды;
– Құтыруға қарсы вакцинация курсың* бастап, егу кестесін түсіндіреді.

3. Жануар туралы деректер
Егер жануар иелі болса, иесінен мынадай ақпарат алу маңызды:

– Жануар вакцинациядан өткен бе?
– Қандай да бір ауру белгілері байқалды ма?
– Жақын арада адамға шабуылдаған ба?

Егер тістеген жануар иесіз немесе жабайы болса, оның қай жерде, қандай уақытта тістегені туралы мәліметтерді ветеринарлық қызметке, санитарлық-эпидемиологиялық станцияға немесе полицияға беру керек. Бұл басқа адамдардың да қауіпсіздігі үшін маңызды.

4. Құтырудың алдын алу және вакцинация
Құтыру – 100% өлімге әкелетін ауру. Бірақ оның алдын алуға болады*, бастысы – уақтылы вакцина алу.

Құтыруға қарсы екіе мына жағдайларда міндетті:
– Жануар жабайы немесе бақылаусыз болса;
– Жануардың денсаулығы белгісіз болса;
– Тістеу орны – бас, мойын, қол секілді қауіпті аймақтарда орналасса.

Вакцинация курсы бірнеше кезеңмен жүргізіледі. Адам оны соңына дейін қабылдауы тиіс, себебі үзіліс – қорғаныстың толық болмауына алып келеді.

Ешқашан: «Жара кішкентай, ештеңе етпейді» деп бағаламаңыз. Дұрыс және уақтылы әрекет – өз өміріңізді сақтап қалудың ең тиімді жолы.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

● МЕРЕЙ

НҰРЛАН ӘКІМБАЙҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТУРНИР

Жуырда ауданымыздың ақсақалы, қазақша және еркін күрестен спорт шебері, халыққа білім беру ісінің озық қызметкері, Райымбек ауданының Құрметті азаматы, «Ыбырай Алтынсарин», «Мұқағали Мақатаев» атындағы төсбелгісінің иегері, зейнеткер ұстаз, жаттықтырушы Талас ауылының тұрғыны Нұрлан Әкімбайұлы 80 жасқа толғанын бәріміз білеміз. Ол жайлы газетіміздің №34 санында жарияладық.

Н. Әкімбайұлының өзі туып өскен Талас ауылында 80 жас мерейтойына орай жасөспірімдер арасында еркін күрестен облыстық турнир өткізілді. Турнирдің ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары



Жанарбек Жантөреұлы, аудандық мәслихаттың төрағасы Самат Сартаубайұлы, аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Медетхан Абилов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бекболат Бірбаев құт-

тықтау сөз сөйледі. Сондай-ақ, Нұрлан ақсақалға сый-сияпат көрсетіліп иығына шапан жапты. Сонымен бірге «Алматы облысының Құрметті ардагері» атағы берілді.

Еркін күрестен облыстық турнирге арнайы келген жас балуандар боз кілемде білек күшін сынасты. Алматы облысының түкпір-түкпірінен келген кіл мықты жасөспірімдердің жарысы тартысқа толы болды. Қарсыласынан амал аяласын асырып, шын мықты екенін дәлелдеп, жеңіс тұғырына көтерілген жас балуандар маарапатталып, бағалы сый-сияпаттар табыс етілді. Нұрлан Әкімбайұлының өнегелі өмірі жастарға үлгі болды.

Дастан ҚАСЕНҰЛЫ.
Талас ауылы.

● МӘДЕНИЕТ

Тазалық – денсаулық пен тәртіптің айнасы

Қоғамдағы мәдениеттің, сана деңгейінің бір көрсеткіші – тазалық. Тазалық бар жерде тәртіп, реттілік және жауапкершілік болады. Бұл – тек жеке адамның үй ішіндегі тазалығы емес, қоршаған ортаға деген құрмет пен қамқорлық болып саналады. Әсіресе ауылдық жерлер мен елді мекендерде тазалық сақтау – әр тұрғынның азаматтық парызы. Алайда, өкінішке қарай, кейбір азаматтар қоқысты көшеге тастап, табиғатқа залал келтіруде. Ауылымызда қоқысқа оранған жерлер өте көп. Ауылдық әкімшілік, депутаттар, әр саланың қызметкерлері, зиялылар мен жастар сондай жерлерге бейсенбі, сенбі күндері сенбіліктерге шығып, тазарту жұмыстарын жүйелі жүргізудеміз. Алайда, ауыл тұрғындары өз аулалары мен

өздерінің балалары ойнап, қарттарының демалатын жерлеріне қоқыс лақтырып кететінінің куәсі болып жүрміз. Бұл – болашақ ұрпаққа деген немқұрайлықтың белгісі. Үлкендердің осы ісін көрген жастар да өздерінің көп жиналатын, демалатын жерлеріне қоқыстарын оңай тастап кетуде. Ең жаныма батқаны күнде таңертең мектепке келгенде мектеп ауласына мектеп алдында жалдамалы пәтерлерде тұрып жатқан тұрғындардың қоқысты лақтырып кететіні. Қаншама ескертулер айтылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілсе де, ешқайсысы мойындамайды. Бұл тұрғындар мектептің қаншама ұрпақтардың білім мен тәрбие алатын киелі ордасы екенін түсінбейтіні-өте қиын жағдай.

● ВСТРЕЧИ

ДЕТИ – БУДУЩЕЕ КАЗАХСТАНА

Тема дошкольного образования сегодня остаётся крайне актуальной. Ведь именно в возрасте от трёх до шести лет закладываются первые ростки социализации ребёнка, его познание окружающего мира и основы подготовки к школе.

На днях мы побывали в детском садике «Tomiris kids», что в селе Отеген батыр. Здесь прошло мероприятие, приуроченное ко дню Республики, а в качестве почётных гостей были приглашены известные представители творческой среды страны.

Среди них – Жаксыгул Калданова, педагог, детская писательница и поэтесса. Она родилась в Мактааральском районе, Туркестанской области, работала в системе дошкольного образования воспитателем и методистом, но широкую известность получила как литератор.

На её счету около тридцати книг, посвящённых духовно – нравственному воспитанию детей, возрождению родного языка, национальным традициям и уважению к старшим.

Она заслуженно носит почётный титул «детского поэта и писателя». Одно из самых известных её изданий – сборник стихов «Сыпайылық – сұлулық» (Вежливость – красота). Жаксыгул Калданова является также автором слов к ряду детских песен. Её труд в сфере образования отмечен медалью «ҚР білім беру ісінің үздігі» («За заслуги в сфере образования»).

Другой почётный гость – Бибажар Махамбетова, казахстанская певица, термеші, работник культуры Республики Казахстан. В её репертуаре – казахские народные и эстрадные песни, часть из которых доступна на её YouTube - канале. Кроме того, Бибажар – мама известной казах-

станской певицы Акботы Керимбековой.

Мероприятие также посетили



педагоги, родители и друзья детского сада.

На сцену выходят малыши с голубыми флажками под звуки патриотической композиции «Көк тудың желбірегені» («Развивающийся синий флаг»), после чего звучит гимн нашей страны.

Ведущие начинают программу словами: «Дорогие гости! Сегодня у нас двойной праздник. Мы отмечаем день Республики – символ независимости нашей страны. А также открываем творческий вечер, посвященный поэтессе и композитору Жаксыгул Колдановой».

Несколько групп детского садика «Tomiris kids» в красивых костюмах представили гостям подготовленные номера. Среди них – приветствие почётных гостей, выступление танцевально-го ансамбля «Жетігеншілер» под аккомпанемент казахского нацио-

нального инструмента – жетіген, а также исполнение песен Жаксыгул Колдановой: «Менің елім», «Егеменді елімнің ертеңімін».

Помимо стихов на казахском языке, прозвучали номера и на русском. На суд зрителей были представлены композиции «Танец богатырей» (в исполнении

мальчиков) и «Павлины» (в исполнении девочек).
К слову, танец «Павлины» в прошлом году на республиканском конкурсе «Дарынды жұлдыздар» («Талантливые звёзды») в Алматы завоевал Гран – при! Знай, как говорится, наших!
Также у Жаксыгул апай дети взяли интервью, интересуясь её биографией, творческим путём и планами на будущее.

В исполнении воспитателей и детей прозвучали стихи и песни, написанные Жаксыгул Калдановой, такие как: «Молитва матери и ребёнка», «Ты - высота всех высот», «Мы - потомки Абая» и другие.

Основной лейтмотив вечера: «Богатство народа – его дети, любящие Родину, язык и культуру. Именно они - будущее Казахстана!».

Тут уместно вспомнить актуаль-

ные и сегодня слова английского педагога и философа Джона Локка, жившего в XVI веке: «От правильного воспитания детей зависит благосостояние всего народа».

На творческом вечере также выступила термеші Бибажар Махамбетова.

В целом мероприятие прошло в тёплой, непринуждённой обстановке. Было видно старание самых маленьких участников и команды воспитателей.

Гости поделились своими впечатлениями об увиденном, отметили достойный уровень подготовки детей, красочные костюмы, оформление зала и декорации.

К слову, на рынке дошкольного образования детский садик всего третий год, но уже успел завоевать популярность среди десятков конкурентов в районном центре. Сюда, без какой-либо рекламы, сохраняется стабильный интерес со стороны родителей, что лишний раз подтверждает крылатую фразу: «Хорошее в рекламе не нуждается».

Единственным сдерживающим фактором развития и увеличения числа групп детей остаётся нехватка свободных площадей. Как рассказала директор детского садика «Tomiris kids» Гульмира Абдрахманова, много лет проработавшая в государственной системе дошкольного образования, частный сад - это в первую очередь не бизнес, а воспитание детей.

Именно к этому стремится её небольшой, по сути семейный, дружный коллектив. А мечта Гульмиры Абдрахмановой - построить новый, типовой детский сад. Но это уже другая история.

Рамазан ЕЛЕШЕВ.
с. Отеген батыр.